

## Дәрігерге дейінгі медициналық көмек түрлерінің тізбесі мен көлемдерін бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 134 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 16 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4575 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 26 қарашадағы N 796 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009.11.26 N 796 бұйрығымен.**

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Дәрігерге дейінгі медициналық көмек түрлерінің тізбесі мен көлемдері бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің (басқармаларының) директорлары (келісім бойынша) осы бұйрықты орындасын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу ісі департаментінің директоры (Ж.Қ.Исмаилов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету департаменті директорының міндетін атқарушы (Ж.М.Мұхамеджанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жіберсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т.Омаровқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2007 жылғы «26» ақпандағы  
N 137 бұйрығымен бекітілген

**Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің түрлері мен көлемдері туралы тізбе 1. Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің түрлері мен көлемдері**

**1. Диагностикалық іс-шаралар:**

- 1) медициналық құжаттарды ресімдеу;
- 2) бойды, салмағын, бастың көлемін, кеуденің мөлшерін өлшеу;
- 3) дененің температурасын, артериялық қан қысымын өлшеу, магистральдық тамырлардағы солқылдатуды анықтау;
- 4) есту қабілетінің күштілігін, көрудің жітілігін, көз ішінің қысымын (тонометрия) анықтау;
- 5) жүкті әйелдердің ішінің көлемін, жамбасының өлшемін, Соловьев индексінің жатыр түбінің орналасу биіктігін өлшеу;
- 6) жүкті әйелдердің ұрықтың жақын жатуын, орналасуын, позицияларын, жүрек соғысын, жасырын ісіктерін анықтау;
- 7) сырқаттарды диагностикалық ем-шараларға дайындау;
- 8) тест-жүйелер (экспресс-диагностика) болған жағдайда клиникалық талдаулар мен биохимиялық зерттеулер;
- 9) клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық, бактериоскопиялық және басқа да зерттеулерді анықтау мақсатында орталықтандырылған зертханаға жіберу үшін материалдар жинау;
- 10) электрокардиограмма-ЭКГ түсіру;
- 11) функционалдық диагностика бөлімшелеріндегі (кабинеттеріндегі) жұмыс.

**2. Емдеу іс-шаралары:**

- 1) бұлшық етке, көктамырға салатын инъекциялар мен инфузияларды жүргізу ;
- 2) операциядан кейінгі жарақаттарды қайта таңуды, жараларды тазарту және асептикалық таңғыштарды таңу;
- 3) жіті жағдайларда бастапқы медициналық көмек көрсету (анафилаксиялық шок, кардиогендік шок, жүректің қатты ауыруы, жүйкенің ауырсынуы, жүрек қызметінің тоқтауы, демалмау, ми қан айналымының жіті бұзылуы, гипертониялық күрт асқыну, қан кетулер, уланулар, күйлер, бронхтардың жиырылуы, гипер- немесе гипогликемияға байланысты жағдай, несептің жіті кідіруі, іш қатулар, жіті психикалық бұзылулар кезінде және басқа);
- 4) сүйектер сынған жағдайда иммобилизациялау, шендеу, таңғыштар, қан тоқтататын бұраулар салу;
- 5) дәрігердің тағайындауы бойынша емдік рәсімдерді өткізу;
- 6) босандыруды жүргізу және қабылдау;

- 7) массаждың негізгі және қосалқы тәсілдерін жүргізу;
- 8) әртүрлі аурулары бар емделушілер үшін емдік дене шынықтырудың болжамды кешенін әзірлеу.

### 3. Аурулардың алдын алу:

- 1) халық арасында салауатты өмір салтын насихаттауды;
- 2) жүкті әйелдерді босануға психопрофилактикалық даярлауды жүргізу.

## 2. Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің көлемдері

4. Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің көлемдері - профилактика мақсатында, сондай-ақ диагностика, емдеу және медициналық оңалту әдістерін дәрігердің қатысуымен пайдалануды талап етпейтін аурулар кезінде медициналық орта білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін көмек.

5. Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің көлемдері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен диагностика мен емдеудің стандарттарына (хаттамаларына) сәйкес айқындалады. Стандарттар (хаттамалар) болмаған жағдайда диагностикалық және емдік іс-шаралардың көлемі көпшілік мақұлдаған тәсілдерге сәйкес медициналық айғақтар бойынша айқындалады.